«6D020100 – философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі кезеңдегі жаһандану мен ақпараттық қоғам заманында әр түрлі мәдениеттердің тоғысуы мен ассимиляциялануы әлемдік сипат алған үдеріс болып отыр. Себебі, жаһанданудың сан түрлі қырларының бірі –«мәдени жаһандану» деп атауға болатын құбылыс болып табылады. Бұл бір қырынан, мәдени кемелденудің алғышарттары болса, екінші бір қырынан, мәдени сұхбаттастықтың заманауи үлгісі, үшіншіден, болмай қоймайтын қазіргі өркениетті адамзат қоғамындағы эволюция заңдылығы іспетті және әр түрлі ұлттар мен халықтардың, этностар мен мемлекеттердің сан-салалы қоғамдық өмірдегі тәжірибе алмасуы.

Біріншіден, автор қарастырып отырған тақырыптың өзектілігі осындай әлеуметтік беталысты теориялық тұрғыдан зерттеумен ұштасып жатыр. Екіншіден, қазіргі қазақ жеріндегі мәдени сұхбаттастық пен «мультикультурализм алды» тарихи формалары көне замандардан бастау алады. Мәселен, Қазақстан жерінің геожағдайына оңтайластырылған «Жібек жолы» аталған сауда қатынасы Еуропа мен Азия арасындағы мәдени байланыстарды да қамтамасыз ететін дәліз болғандықтан, біздің еліміздегі сан түрлі мәдениеттердің арғы формаларының сақталып қалуы заңды құбылыс. Ендеше, бүгінгі замандағы еліміздегі мультикультурализмнің тарихи негіздерінің сабақтасуы дамудың тарихи сабақтастығы болып отыр. Осыған орай, оның бүгінгі таңдағы Қазақстанды дамытушы фактор ретіндегі құбылыс екендігін зерттеу кезек күтірмейтін мәселе деп айта аламыз.

Үшіншіден, еліміз дамыған 30 елдің қатарына ену стратегиясында, зайырлы, құқықтық, демократиялық қоғамды нығайта түсу саясатында, әрбір халықтардың мәдени құндылықтарын құрмет тұту аса маңызды танымдық белес. Ендеше, Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы мен отанымыздағы әр түрлі халықтардың мәдениетінің өркендеуіне қолдау көрсету саясаты жүргізіліп отырған шақта, «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы факторы» мәселесін философиялық тұрғыдан зерттеп, оның маңызын теориялық түрде ашып беру көкейкесті ізденістердің бірі болып табылады.

Осы арнада зерттеу жұмысының практикалық жағы оның ұтымды нәтижелерін қоғамдық өмірде қолдануда өзінің оңды тұжырымдарын ұсына алады. Жұмыс Мемлекеттік бағдарламаларға сай келеді. «Қазақстан –2050», Мәңгілік Ел идеалы мен Ұлы дала тарихының жетістіктерін насихаттау,

Рухани жаңғыру, Мәдени мұра т.б. стратегиялық даму шарттарына және оны жүзеге асыру барысында кең қолданысқа ие бола алады. Мультикультурализм, бір қырынан, әр түрлі халықтардың мәдениетіне қолдау білдіру болса, екіншіден, ол төл мәдениетімізді әрбір этностардың руханиятының озық үгілерін бойымызға сіңіре отырып, мәдени бірегейлігімізді сақтай білу мен дамытудың инновациялық үлгісін бере алады.

Осыған орай, докторант Кошербаев Жанболат Асетовичтің диссертациялық жұмысы заманауи мәселелер мен еліміз ұстанып отырған мәдени өркендеу саясатының талаптарын қанағаттандыратын және қолдау білдіретін еңбек болғандықтан, ғылыми құнды туынды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында алты іргелі ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтижеде мультикультурализм ұғымының мән-мазмұны, оның терминологиялық-семантикалық мағынасына тарихи және заманауи тұрғыдан философиялық талдаулар жүргізе келе, постмодернистік өлшемдерге қатынасы зерделенді.

Екінші ғылыми нәтижеде қазіргі заманғы «әлемдік мультикультуралистік климатқа» сәйкес ғылыми талдаулар талдау жасай келе, отандық және әлемдік зерттеушілердің ілімдерін сараптап, өзіндік сыни тұрғыдан негізделген идеяларын ұсынады.

Үшінші ғылыми нәтижеде автор философия тарихына шолу жасай отырып, «Мен», «Өзге», «Бөгде» концепттеріне семантикалық-логикалық тұрғыдан сараптама жасап, олардың әрбір кезеңдегі өзіндік ерекшеліктерін саралап, бұл түсініктердің мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік өмірдегі шынайы мағынасын ашып беруге ұмтылады.

Төртінші ғылыми нәтижеде Мультикультуралды қоғам үлгілерінің оңды және жағымсыз қырларын зерделеп, оның қазіргі Қазақстан қоғамындағы жалпы келбетін теориялық тұрғыдан негіздеуде өмірлік тәжірибелерге сүйенеді.

Бесінші ғылыми нәтижеде Қазақстандағы мультикультурализмнің аксиологиялық, гносеологиялық астарларына үңіледі және бұл үдерісті зерттеуші отандық ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, өзіндік төлтума идеяларын ұсынған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде еліміздегі мультикультурализмнің Қазақстан қоғамын мәдени негізде дамуының факторлары ретінде карастырып, оның үлгілерінің заманауи және перспективтік жобасы туралы жаңа үлгілер ұсынылады.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже дәйектелген деп айта аламыз. «Мультикультурализм – жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасы»

мәселесін қоя отырып, автор аталған мәселеге анализ жасау барысында постмодернизм теориясының негізгі ұстанымдарына сүйенген. Постмодернистік философтардың еңбектерін таразылап, олардың мультикультуралистік ой танымын зерделейді.

Екінші ғылыми нәтиже дәлелденген және нақты болып табылады. Диссертант Э. Гелннер, Ч. Кукатас, М. Хомяков, У. Кимлика, Э. Гуссерль, Э. Левинас сынды ойшылдардың идеяларын басшылыққа алып, өз тұжырымдамаларын дәйекті түрде ұсынады.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және нақты дәлелденген. Мультикультуралды қоғам қалыптасуындағы негізгі ұғымдарға философиялық тұрғыдан келіп, өз пікірлерін дәйектеу барысында шет елдік және отандық ғалымдарың еңбектеріне сүйенеді, тарихи-салыстырмалы, генетикалық т.б. интегративтік жалпы ғылыми әдістерді оңтайлы қолданады.

Төртінші ғылыми нәтиже барынша анық және дәлелденген деп айта аламыз. Диссертациялық жұмыс барысында Қазіргі Қазақстандағы полиэтникалық келбеттің және мультикультурализмнің негізге астарларына үңіле отырып, Н.А. Аристов, В.В. Радлов сынды ғалымдардың идеяларына сүйеніп, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзіндік саяси стратегиясының ұстанымдарын басшылыққа алып, жұмыс авторы және ізденуші тұрғысынан тың тұжырымдарын берген.

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және іргелі түрде негізделуге бағытталған. Қазақстандағы дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультуралды Қазақстан жағдайындағы сақталу мен өркендеуін зерделей келе, автор қазіргі заманғы ғылыми танымның негізгі қағидаларын басшылыққа алады.

Алтыншы ғылыми нәтиже негізделген және дәйектелген деп айта аламыз. Еліміздегі рухани жаңғыру стратегиясының басты қағидаттарын негізге алады. Осы тұста, өзіндік ұстанымдары мен бағдарларын дәлелдеу барысында мемлекеттік бағдарламаларға сүйене отырып, диссертациядағы теориялық мәселелердің тәжірибеде қолдану үлгілерін ұсынады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады, себебі, ізденуші мультикультурализмді ұғым ретінде саралап, оның семантикалық-логикалық мағынасын заманауи мәдениет теориясы тұрғысынан ашып берген және өзіндік тың ойларын ұсынған.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, автор мультикультурализмнің теориялық, саяси-аймақтық, мәдени-әлеуметтік негіздеріне шолу жасап, оларды теориялық тұрғыдан зерделеп, өзінің алдағы бөлімдерде идеяларын ұсыну үшін әдіснамалық бағдарлар жасайды.

Үшінші ғылыми нәтижеде қазіргі кезеңдегі мультикультуралды қоғам қалыптасуындағы ұғымдардың тарихи-мәдени астарларын, алғышарттарын таразылау барысында қоғамда түрлі өзгерістер пайда болатыны жөнінде тың қорытындылар жасалған. Бұл нәтиже – жаңа.

Төртінші ғылыми нәтижеде – жаңа, автор қазіргі заман мәдениетінің даму бағыттарының еліміздегі мультикультурализммен сәйкестігін өз бетінше талдап берген. Тарихилық пен логикалықтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың бірлігі әдісін ұтымды пайдаланған.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, өйткені, Қазақстандағы ұлттық құндылықтар туралы пайымдауларға берілген талдауларда ерекше көзқарастармен берілген. Диссертант өз идеясын ұсынғанмен, еуропоцентристік көзқарастарға сыни ойларын білдіргенмен, эмоциялық реңктер кездеседі.

Алтыншығылыми нәтиже жаңа. Еліміздегі перспективті дамудың саяси-әлеуметтік бағдарламаларын философиялық тұрғыдан саралайды және оның мультикультуралистік ұстаным бойынша әлемдік саяси сахнадағы қолдау тауып отырғандығы жөнінде төлтума ойларын батыл ұсына алған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертанттың қол жеткізген ғылыми тұжырымдарының, нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы заманауи тұрғыдан алғанда тиімді деп айтуға болады. Диссертациялық жұмыстағы теориялық қағидаттар мен қорытындылар келешекте осы бағытта жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарға теориялық негіз бола алады.

Сондай-ақ, полиэтникалық Қазақстандағы түйткілді мәселеге қатысты ғылыми ізденістерде, атап айтқанда, ғылыми мекемелерде, стратегиялық болжау институттарында жалпы ғылыми бағдар ретінде пайдалануға болады. Қоғамдағы мәдени-әлеуметтік кеңістікті талдаған бұл жұмыс саяси жүйе бойынша орныққан әкімшілік жұмыстарда семинар-тренингтер жүргізуде қолдануға болатын материалдар бере алады.

Қазақстан Республикасындағы мәдени даму туралы құжаттарды жасақтауда, оған өзгерістер мен түзетулер енгізу барысында да еңбектің зерттеу нәтижелерін қолдану белгілі бір шарттарда ұтымды бағдарлар бере алады. Сонымен қатар, әлеуметтік философия, мәдениеттану, саясаттану, тарих т.б. мамандықтар бойынша білім алушыларға қосымша оқу-әдістемелік материал ретінде тың мәліметтер береді.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты диссертациялық жұмысының негізгі теориялық қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы мынадай ғылыми басылымдарда сынақтан өткен. Олардың ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген тізімдегі журналдарда, 4 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналдардың бірінде және 2 мақала Ресейдің Жоғары аттестациялық комиссиясы журналдарында жарияланған. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері республикалық ғылыми

конференцияларда баяндалған. Бұл еңбектер диссертация мазмұнын толықтай қамтиды деп айтуға негіз бар.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Кошербаев Жанболат Асетовичтің жұмысының ғылыми теориялық деңгейі жоғары. Дегенмен, жұмыста аздаған кемшіліктер кездесетіндігін атап өтуімізге болады.

1. Бұл жұмыс докторлық диссертация болғандықтан, әлемдік әдебиеттерді түпнұсқадан қазақшаға аударуда кейбір ұғымдардың дұрыстығына баса назар аудару керек. Мысалы, «Жат», «Бөгде», «Өзге», «Басқа» сияқты түсініктер кей жағдайда қазақ тілінде синонимдес болып келетіндігін назарға алу керек сияқты.

2. Автордың мульткультурализм туралы пайымдауларындағы сыни көзқарастарында оптимистік ұстанымдар аздау деуімізге болады. Ұлы Даланың Жеті қыры мен көпмәдениеттілік арасындағы байланыстарды ашып беру керек еді.

3. Диссертанттың ғылыми жұмысында, мүмкін, шетел әдебиеттерінен аударма жасағаннан шығар, ұзақ күрделі құрмалас сөйлемдер кездеседі. Олар айтылған ойды толық түсінуде қиындық тудырады.

Зерттеуші осы аталған кемшіліктерді өзінің болашақтағы ғылыми танымында қарастырады деп ойлаймын. Алайда, бұл кемшіліктер ізденушінің зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық деңгейіне нұқсан келтірмейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ғылыми жағынан көкейкесті мәселелерді қозғап отыр. Диссертация мазмұнындағы қозғалған ахуалдар күрделі және отандық ғалымдар тарапынан сынға да ұшыраған. Соған қарамастан, ізденуші өзіндік ұстанымы мен пікірлерін батыл түрде тиянақтаған. Жұмыстағы ғылыми нәтижелері анық және бірізді, құрылған жоспар мен талданған мәселелер кең ауқымды, іргелі философиялық пайымдаулардың жалпы шарттарына сай келеді. Ол ізденушінің күрделі теориялық мәселелерді шешуде өзіндік жоғарғы кәсібилігін көрсетіп беріп отыр.

Кошербаев Жанболат Асетовичтің диссертациялық жұмысы өз деңгейінде толық аяқталған деп айта аламыз, алға қойған мақсаттары мен міндеттерін орындаған және қазақстандық философия ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады. Бұл жұмыстың ғылыми танымдық, теориялық маңызы зор. Автор өз идеяларын дәйектеуде ғылыми әдістер мен әдіснамаларды, инновациялық заманауи көзқарастарды оңтайлы пайдалана білген деп айтуға болады. Ізденушінің бұл еңбегінде перспективті бағдарлар анық көрініс тапқан, мәселе дұрыс қойылған.

Сондықтан Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді, жұмыстың авторы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша PhD докторы атағын алуға лайық деп санаймын.

Ресми сын-пікір беруші:
М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университеті, Мәдени және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының
доценті, философия докторы (PhD) А.М. Кадыралиева